


Исатай ауданы



Исатай ауданы – **Атырау облысының** солтүстік-батысындағы әкімшілік бөлініс.

Жалпы сипаттама

Аудан 1928 жылы құрылды. 1997 жылы облыстың Құрманғазы және Махамбет аудандары жерлерін қосу негізінде құрылды. Жер аумағы 14,7 мың км². Тұрғыны 26,4 мың адам, орташа тығыздығы 1 км²-ге 1,6 адамнан келеді (2008). Аудандағы 25 елді мекен 6 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген. Аудан орталығы – Аққыстау аулы **Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданымен**, батысында Атырау облысының Құрманғазы, солтүстігінде Индер, шығысында Махамбет аудандарымен, оңтүстігінде **Каспий теңізімен** шектеседі. Исатай ауданының жері түгелімен **Каспий маңы ойпатының** орталық бөлігінде, шөлдік белдемде орналасқан. Батысының басым бөлігін төбешікті **Нарын**, **Бозанай** және **Меңтеке** күмдары, шығыс бөлігін **Жайық алабы** және **Каспий жазығы** алып жатыр.

Аудан ең алғаш 20-жылдары құрылғанымен, өз тарихында көрші аудандарға қосылу мен қайта бөліну ауыртпалығын бірнеше рет көруіне тура келді. 1928 ж. бұрынғы Орал облысы Гурьев округі Сарытөбе болысының аумағында орталығы Новобогат аулы болып Новобогат ауданы шаңырақ көтерді. Аудан екі жылдан кейін таратылып, іріленген Гурьев ауданына қарады. 1939 ж. құрамына 33 ұжымшар, бірнеше ауылдық кеңестерді біріктіріп аудан қайта құрылды. 1957 ж. қайта таратылды. 1977 ж. орталығы Аққыстау жұмысшы кенті болып 3- рет құрылған Новобогат ауданының қадамы көп әріге бармай, 11 жылдан соң тағы таратылуы жөнінде жоғарыдан шешім алынды, 1990 ж. аудан қайта қалпына келтіріліп, ауданға Исатай атын беру жөніндегі жергілікті халықтың талап-тілегі ескерілді.^[2]

Негізгі кен байлығы

Негізгі кен байлығы **мұнай** мен **газ**. Ауданда негізінен мұнай өндірумен айналысатын «Жайықмұнайгаз» басқармасы бүкіл Ембі мұнай бірлестігі бойынша өндірілетін «қара алтынның» төрттен үшін береді. Олардың кен орындары ауданның оңтүстік-шығыс жағында, Каспий теңізінің жағалауына таяу орналасқан. Барланғандары: Забурунье, Сазанқұрақ, Октябрь, Мартыши, Ровное, Камышитовое, Батыс және Оңтүстік-шығыс Новобогат кен

орындары. Жер беті сулары ауданның тек оңтүстік-шығыс жағында кездеседі.

Өсімдіктері мен жануарлар дүниесі

Өсімдіктері құмды жерлерде **сораң шөптер**, сортаң жерлерде **сораң**, **жусан**, **бұйырғын** өскен. Теңіз жағасында **қамыс**, **кұрақ**, т.б. өседі. Жануарлар дүниесінен **ақ бөкен**, **қасқыр**, **түлкі**, **қоян**; суында **қаз**, **үйрек**, **шағала**, **қызғыш**, **шымшық**, т.б. мекендейді. Каспий теңізінде бірнеше бағалы балық түрлері бар.

Елді мекендері мен көлік жолдары[**өңдеу**]

Ірі елді

мекендеріне Аққыстау, Ақтоғай, Жанбай, Манаш, Исатай, Х.Ерғалиев, Чапав жатады.

Ауданға Аққыстау ауылдық әкімшілігінен: Аққыстау а., Гран а., № 17 темір жол бекеті кіреді.

Тұщықұдық ауылдық әкімшілігіне: Чапаев а., Разведкаа., Айбас, Есіркеп, Шәлік, Шыныбек, Қызыл үй, Бегайдар елді мекендері;

Новобогат ауылдық әкімшілігіне: Новобогат., Ақкүтір, Ауқайраң, Жасқайрат, Қарашығанақ елді мекендері;

Забұрын ауылдық әкімшілігіне: Жанбай аулы, Амангелді, Забұрын, Мыңтөбе, Манаш елді мекендері;

Исатай ауылдық әкімшілігіне: Исатай аулы мен № 13 Нарын темір жол бекеті;

Ақтоғай ауылдық әкімшілігіне: Ақтоғай а., Сарытоғай, Топайлы елді мекендері кіреді.

Исатай ауданы өнеркәсіпті және мал шаруашылықты аудан. Өнеркәсібі 1968 ж. **Мартыши мұнай-газ кен орнын** игеру негізінде мұнай кәсіпшілігін құруға байланысты дамыды. Бұдан кейін пайдалануға Забурунье, Октябрь, Ровное мұнай-газ кен орындары берілді, ұзындығы 85,6 км Атырау – Мартыши мұнай құбыры іске қосылды. Ауданның оңтүстік жағымен **Атырау – Астрахан** т. ж. мен автомобиль жолы, **Қиғаш – Атырау** өзен су құбыры өтеді. Аймақ жері[**өңдеу**]

Аймақ жері - жазық, Каспий жағалауына орналасқан, шөлейтті, жазық, топырақтың қабаты тұзды, сортаң, құрғақ. Оның қиыр солтүстік-шығыс жағымен **Жайық өзені** ағып өтеді. Исатай ауданының жері құмдақ және сортаң сұр топырақты болып келеді.

Аудан аумағының Еуразия құрлығына ішкерлей еніп жатуы ауа райының тым континенталдығын калыптастырды: қысы салқын, жазы ұзақ та ыстық болып келеді. Өсімдіктердің өсіп-өнетін кезеңінде жауын-шашын аз түседі 70-115 мм, ал бүкіл жыл бойында 150-205 мм. Мұның өзі бұл аймақтың ылғалға аса тапшы келетінін көрсетеді. Сондықтан да гидротермикалық коэффициент 0,2—0,3-тен аспайды. Топырақта ылғалдың жетіспеуі, ауаның құрғақтығы, аумақтың бір бөлігін сортанды-тұзды аймақ алып жатқандықтан, өсімдік жамылғысының қалың өсуіне мүмкіндік бермейді.

Шаруашылығы[**өңдеу**]

Айналысатын негізгі - мал шаруашылығы, малдың етін өндіру. 2009 жылы (қаңтар-қазан) өндірілген ет 4,4 мың тонна (тірі салмақта), сиыр сүті - 3,4 мың тонна, жұмыртқа - 154 мың дана өндірілді. 2009 жылдың 1 қарашасына аудандағы мүйізді ірі қара саны - 11,6 мың бас, қой мен ешкі - 50,9 мың бас, жылқы - 8,8 мың бас, түйе - 7,4 мың бас болды. Ауданда «Жайықмұнайгаз» басқармасынан басқа «Сазанқұрақ» қазақ американ бірлескен кәсіпорны, «Прикаспиан Петролеум», «Потенциал Ойл», «Жанбай», «Светланойл», «НБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері орналасқан. Сонымен қатар Аққыстау ауылында «Әдемі үй» ЖШС-гінің қарамағындағы кірпіш зауыты жұмыс жасайды. Атырау облысы статистика департаментінің мәліметі бойынша экономиканың нақты секторында 2009 жылдың қаңтар-қазанына 2008 жылғы қаңтар - қазанға %-бен кен өндіру өнеркәсібі -97,0, ауыл шаруашылығы - 104,7.